

Мереке қарсаңында



2015 жылы еліміз Ұлы Жеңістің 70 жылдығын салтанатты түрде атап өтеді. Бірақ сол екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан ардагерлер қатары жыл өткен сайын сиреп барады. Екібастұз өңірінде 34 жауынгер ғана қалыпты. Таяуда қала әкімі А.Вербняк соғыс ардагерлері Александр Щетчиков пен Талғат Ахметовтың отбасында болып, Елбасы Н.Назарбаев тарапынан жолданған сый-сияпатты табыстады.

Елбасы сыйлығы табысталды

► Р.МҰСАБАЙ

1924 жылы Пензада туған Александр Щетчиков әскер қатарына 1942 жылдың күзінде шақырылды. 25-артиллериялық дивизия құрамында Курск түбіндегі шайқасқа қатысып, жауды ығыстыра отыра, Польшаға дейін жетті. Соғысты Чехословакияның астанасы Прага қаласынан 120 шақырым жерде аяқтады. Бірақ кейін Украинада екі жыл әскери борышын өтеп, 1947 жылы оралды. «Шахтақұрылыс» басқармасында, «Богатырь Көмір» кәсіпорнында да тер текті.

Жетпіс жыл бұрынғы қанды қырғын жасы 89-ға жеткен соғыс және еңбек ардагері Талғат Ахметовтың санасында әлі жаңғырып тұр.

—Әскерге 1943 жылдың қаңтар айында шақырылып, Моңғолияда танктер мен қару-жарақтарды күзеттік. 1945 жылдың мамырында фашистердің күл-талқаны шыққанымен, жапон әскерлерінің Манчжурия мен Моңғолия арасында жатқан Хинган тауларындағы қарсылығы аяқталмаған болатын. Адам шығыны да аз болған жоқ. Ақыр аяғында Манчжурияны да азат

еттік,—дейді қарт жауынгер.

Талғат Ахметов соғыстан кейін қырық жылдан астам уақыт «Шахтақұрылыс» кәсіпорнында еңбек өтті. Екібастұз қаласындағы қаншама үйдің құрылысын жүргізуге атсалысты.

Қала әкімі А.Вербняк қос майдангерге Елбасының сәлем-сауқатын жеткізіп, қанды қырғын куәгерлерінің сау-саламатта болуларына тілектестік білдірді.

Айта кету керек, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай жергілікті билік соғыс ардагерлерінің үйлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуді басты назарға алды.